

Банк-агенттіктің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы мемлекеттік мекемелер өкілдерінен, жеке тұлғалардан бюджетке және мемлекеттік мекемелерді шоттарына есептеу үшін қолма-қол ақшаны қабылдау Ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық Департаментінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 167 бұйрығы. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 41 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын:

2) "Банк-агенттіктің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы мемлекеттік мекемелер өкілдерінен, жеке тұлғалардан бюджетке және мемлекеттік мекемелердің шотына есептеу үшін қолма-қол ақшаны қабылдау Ережелерін бекіту туралы" 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 167 (нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тіркеуінде N 2969 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқару және басқа мемлекеттік органда нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде жарияланған, 1999 жыл N 10)...

Т ө р а й ы м

1. Қоса беріліп отырған мемлекеттік мекемелер өкілдерінен, жеке тұлғалардан Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы бюджетке және мемлекеттік мекемелердің шоттарына есептеу үшін қолма-қол ақшаны қабылдау Ережелері бекітілсін.

2. Ақшамен қамтамасыз етуді ұйымдастыру бөлімі (А.С.Мұқашев) белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде Ережелердің деректерін мемлекеттік тіркеуді жүргізсін.

3. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап әрекет етеді.

Қ а з ы н а ш ы л ы қ

комитетінің төрағасы

Қазақстан

Республикасының

Қаржы

министрлігі

Қазынашылық

комитетінің

Бұйрығымен

бекітілген

1999 ж. 27 сәуір N 167

Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы мемлекеттік мекемелер өкілдерінен, жеке тұлғалардан бюджетке және мемлекеттік мекемелердің шоттарына есептеу үшін қолма-қол ақшаны қабылдау

Ережелері

1. Жалпы ережелер

1. Осы ережелер Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық департаментінің мәселелері" 1998 жылғы 9 қазандағы N 1028 P981028_ қаулысына сәйкес әзірленді және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы мемлекеттік мекемелер үшін қолма-қол ақшаны қабылдау мен төлеу жөнінде айқындалған мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер өкілдерінен (бұдан әрі - мемлекеттік мекемелер) және жеке тұлғалардан бюджетке және Қазынашылықтың аумақтық органдарында (бұдан әрі Қазынашылықтың АО) ашылған мемлекеттік мекемелердің шоттарына есептеу үшін қолма-қол ақшаны қабылдаудың тәртібін айқындайды.

2. Банк-агенттің филиалдарында Қазынашылықтың АО атына белгіленген тәртіпте мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен, жеке тұлғалардан салықтарды және басқа да төлемдерді бюджетке және бюджеттік шоттарға, сондай-ақ "Уәкілеттілердің ағымдағы шоттары және төленбеген аударымдар" және мемлекеттік мекемелердің "мақсатты қаржыландыру үшін" N 724 шоттарына қабылданған қолма-қол ақшаны есептеу үшін жеке транзиттік шот (908) ашылады.

Осы орайда Қазынашылықтың АО Банк-агенттің тиісті филиалына жазбаша түрде мемлекеттік мекемелердің "мақсатты қаржыландыру үшін" шоттарының тізбесін хабарлайды.

3. Мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен және жеке тұлғалардан бюджетке және мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына есептеу үшін қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі Банк-агенттің қаржылық қызметіне ақы төлеудің, сондай-ақ міндеттемелерді орындамағаны үшін айыппұл санкцияларының мөлшері мен мерзімдері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Банк-агент арасында жасалатын Агенттік келісіммен айқындалады.

4. Қазынашылықтың АО ашылған шоттары бар (NN 120, 130, 132, 724 және "мақсатты қаржыландыру үшін" шоттарынан басқа) мемлекеттік мекеме Банк-агенттің тиісті филиалымен жеке тұлғалардан түсімдер мен төлемдерді

тиісті шоттарға есептеу үшін қабылдауға арналған дербес шарт жасасады, онда Банк-агенттің қаржылық қызметіне ақы төлеудің көзі мен тәртібі көрсетіледі. Бұл орайда көрсетілген шартта айтылған Банк-агенттің қаржылық қызметіне төленетін ақының мөлшері Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Банк-агент арасында жасалған Агенттік келісімде белгіленген мөлшерден аспауға тиіс.

2. Мемлекеттік мекеме өкілдерінен бюджетке және мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына қолма-қол ақшаны қабылдаудың тәртібі

5. Мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен бюджетке және мемлекеттік мекемелердің шоттарына есептеу үшін қолма-қол ақшаны қабылдау қажетті барлық деректемелер (төлеушінің атауы, салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі - СТТН), алушының атауы және алушының СТТН-і, төлемді белгілеу және бюджетке және бюджеттік шоттарға тапсыру кезінде - бюджеттік сыныптаманың коды) көрсетілетін "Қолма-қол жарнаға арналған хабарландыру" N 0402001 нысандағы іс-парақты ресімдей отырып, Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекемелер өкілдерінің жарнаға арналған құжаттарда бюджеттік шоттарға (кассалық шығыстарды қалпына келтіру кезінде - 120, 130, 132) қолма-қол ақшаны тапсырған кезде міндетті түрде бюджеттік сыныптама шығыстарының он таңбалы коды көрсетіледі.

6. Банк-агенттің филиалдарының мемлекеттік мекеме өкілдерінен қолма-қол ақшаны қабылдауы жергілікті уақыт бойынша 9-дан 13-ке дейін жүргізіледі. Қабылданған қолма-қол ақшаның бүкіл сомасы дәл сол күні тиісті шоттарға есептеу үшін Қазынашылықтың АО корреспонденттік шотына аударылады.

3. Жеке тұлғалардан бюджетке және мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына қолма-қол ақшаны қабылдаудың тәртібі

7. Жеке тұлғалардан бюджетке және мемлекеттік мекемелердің шоттарына есептеу үшін қолма-қол ақшаны қабылдау қажетті барлық деректемелер (төлеушінің аты-жөні, тегі, салық төлеушінің СТТН-і, алушының атауы және алушының СТТН-і, алушы банктің МФО, төлемді белгілеу және бюджетке және бюджеттік шоттарға тапсыру кезінде - бюджеттік сыныптаманың коды) көрсетілетін 4-ПД нысанындағы іс-парақты ресімдей отырып, Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы жүзеге асырылады.

8. Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері жеке тұлғалардан қолма-қол ақша қабылдауды бүкіл жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

9. Банк-агенттің филиалдарының операциялық бөлімдерінің жеке тұлғалардан қабылдаған қолма-қол ақшаларының сомалары жұмыс күнінің соңында Қазынашылықтың АО транзиттік шотына (908) есепке алынады және келесі

күннен кешіктірмей төлемдердің түрлеріне қарай тиісті шоттарға есептеу үшін Қазынашылықтың АО корреспонденттік шотына аударылады.

10. Банк-агенттің құрылымдық бөлімшелері жеке тұлғалардан қабылдаған қолма-қол ақшаның сомасы Банк-агенттің филиалының күнделікті есебі алынғаннан және тексерілгеннен кейін Қазынашылықтың АО транзиттік шотына (908) есепке алынады және транзиттік шотқа есептелгеннен кейінгі келесі күні төлемдердің түрлеріне қарай тиісті шоттарға есептеу үшін Қазынашылықтың АО корреспонденттік шотына аударылады.

4. Қолма-қол ақшаны қабылдау және оларды бюджетке және мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына есептеу жөнінде Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелерінің қаржылық қызметке ақы төлеу тәртібі

11. Банк-агенттің мемлекеттік мекеменің өкілдерінен және жеке тұлғалардан салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуге және мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына (кассалық шығыстарды қалпына келтіру кезінде NN 120, 130 және 132, сондай-ақ N 724 және "мақсатты қаржыландыру үшін" шоттарына) қолма-қол ақшаны қабылдау жөніндегі Банк-агенттің қаржылық қызметіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі республикалық бюджеттен орталықтандырылған түрде ақы төлейді.

12. Жеке тұлғалардан түсімдер мен төлемдерді тиісті шоттарға (NN 120, 130, 132, 724 және "мақсатты қаржыландыру үшін" шоттарынан басқа) есептеу үшін қабылдау жөніндегі қаржылық қызметке ақы төлеуді мемлекеттік мекеме Банк-агенттің филиалымен жасалған шартқа сәйкес осы қаражат есебінен дербес жүргізіледі.

5. Банк-агенттің қаржылық қызметіне ақы төлеу үшін бюджетке және мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына қабылданған қолма-қол ақша мен аударылған қаражат туралы ақпаратты тапсырудың тәртібі

13. Қазынашылықтың облыстық, Алматы қалалық басқармаларында, Қазынашылықтың Астана қаласы мен Ақмола облысы бойынша басқармасында ай сайын Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы қолма-қол ақшамен қабылданған бюджетке және мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына есептелген қаражаттың шоттың әрбір түрі бойынша аудандар бойынша Тізімдемесі (1-қосымша) және Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы қолма-қол ақшамен қабылданып, есептелген қаражаттың алушылардың шоттарының үлгілері бойынша Жиынтық тізімдемесі ж а с а л а д ы .

14. Облыс бойынша ай сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне дейін Банк-агенттің облыстық филиалдарында Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы мемлекеттік мекеменің өкілдерінен және жеке

тұлғалардан қолма-қол ақшамен бюджетке және мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына қабылданған және есептелген қаражат туралы Анықтама ж а с а л а д ы (3 - қ о с ы м ш а) .

15. Қазынашылықтың облыстық, Алматы қалалық басқармалары, Қазынашылықтың Астана қаласы мен Ақмола облысы бойынша басқармасы Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы мемлекеттік мекеменің өкілдерінен және жеке тұлғалардан қолма-қол ақшамен қабылданып, есептелген қаражаттың Жиынтық тізімдемесі негізінде (2-қосымша) Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы мемлекеттік мекеменің өкілдерінен және жеке тұлғалардан қолма-қол ақшамен қабылданып, есептелген қаражат туралы Мәліметтер жасайды (4-қосымша), және оны есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитетіне (бұдан әрі - Қазынашылық) тапсырады.

16. Қазынашылықтың облыстық, Алматы қалалық басқармаларынан, Қазынашылықтың Астана қаласы мен Ақмола облысы бойынша басқармасынан алынған Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен және жеке тұлғалардан қолма-қол ақшамен қабылданып, есептелген қаражат туралы Мәліметтердің негізінде (4-қосымша) Қазынашылық республика бойынша тұтастай алғанда және облыстар мен Астана және Алматы қалалары бойынша Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы бюджетке және мемлекеттік мекемелердің шоттарына қабылданған қолма-қол ақша мен есептелген қаражаттың сомасы туралы Жиынтық анықтама жасайды (5-қосымша).

17. Банк-агент есепті айдан кейінгі әр айдың 15-күніне дейін республика бойынша тұтастай алғанда және облыстар мен Астана және Алматы қ.қ. бойынша Қазынашылыққа Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен және жеке тұлғалардан қолма-қол ақшамен қабылданған қаражатты бюджетке және мемлекеттік мекемелердің шоттарына есептеу жөніндегі Жиынтық салыстыру актісін (6-қосымша) тапсырады.

18. Қазынашылық Банк-агенттің филиалдары мен құрылымдық бөлімшелері арқылы мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен және жеке тұлғалардан қолма-қол ақшамен қабылданған қаражатты бюджетке және мемлекеттік мекемелердің шоттарына есептеу жөніндегі Жиынтық салыстыру актісінде (6-қосымша) көрсетілген Банк-агенттің қаржылық қызметіне ақы төлеуге арналған соманы Қазынашылық жасаған Жиынтық анықтамамен салыстырады, және алшақтық болмаса, төлеу үшін көрсетілген соманы куәландырады және төлеуге арналған Жиынтық актіні (6-қосымша) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне

ж і б е р е д і .

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Жиынтық актіні алған күннен бастап 4 банктік күн ішінде Банк-агентке тиесілі соманы оның корреспонденттік шотына аударады.

19. Банк-агент тапсырған Жиынтық актісі деректерінің (6-қосымша) Қазынашылық жасаған Жиынтық анықтама деректерімен (5-қосымша) алшақтығы болса, еркін нысандағы Алшақтық актісі жасалады. Алшақтық актісінде Банк-агент тапсырған және екі Тарап қол қойған күннен бастап 4 банктік күн ішінде аударылатын, Қаржымин төлеуге қабылдаған сома көрсетіледі.

Қазынашылық комитетінің

1999 ж. "___" _____

N___ бұйрығымен бекітілген

"Мемлекеттік мекемелер өкілдерінен,

жеке тұлғалардан бюджетке және

мемлекеттік мекемелердің шоттарына

есептеу үшін қолма-қол

ақшаны қабылдау Ережелеріне"

N1 қосымша

Қазынашылықтың облыстық басқармасының атауы

1999 ж. _____ үшін N _____ баланс шоты бойынша

_____ банктің филиалдары арқылы қолма-қол ақшамен

(б а н к т і ң а т а у ы)

қабылданып есептелген қаражаттың

Тізбесі

Қазынашылық	МФО	Төлем саны,	Жалпы сомасы,
филиалының атауы		дана	(теңге)
Ж и ы н ы :			

Жауапты атқарушы: _____

Қазынашылық комитетінің

1999 ж. "___" _____

N___ бұйрығымен бекітілген

"Мемлекеттік мекемелер өкілдерінен,

N 2 қосымша

Есептеу шоты	Төлем саны, д а н а	Жалпы сомасы, (теңге)
Ж и ы н ы :		

Банктің облыстық филиалының атауы Қазынашылық комитетінің
1999 ж. " ____ " _____
N ____ бұйрығымен бекітілген
"Мемлекеттік мекемелер өкілдерінен,
жеке тұлғалардан бюджетке және
мемлекеттік мекемелердің шоттарына
есептеу үшін қолма-қол
ақшаны қабылдау Ережелеріне"

№ 3 қосымша

Облыс бойынша 199 ____ж._____ үшін_____

банктің филиалдары арқылы мемлекеттік өкілдерінен және жеке тұлғалардан қолма-қол ақшамен қабылданған бюджетке және мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына қабылданған және есепке алынған қаражат

т у р а л ы

АНЫҚТАМА

(т е н г е)

рет	Төлемнің түрі	Қабылданғаны	Қаражаттың есепке алынғаны		
N			барлығы	облыс	басқа
			бойынша	облыстарда	

1	2	3	4	5	6

1	Мемлекеттік мекемелер.				
	дің бюджеттік шоттарына				

2	Бюджеттің кірісіне				
	(080 шотқа)				

	Ж и ы н ы :				

_____ресімделген актілердің күні мен сомасы
(айыппұл санкциялары бойынша)

_____банктің облыстық филиалының директоры

Бас бухгалтер

М.О.

Қазынашылық комитетінің

1999 ж. "___" _____

N___ бұйрығымен бекітілген

"Мемлекеттік мекемелер өкілдерінен,

жеке тұлғалардан бюджетке және

мемлекеттік мекемелердің шоттарына

есептеу үшін қолма-қол

ақшаны қабылдау Ережелеріне"

N 4 қосымша

_____Қазынашылықтың облыстық басқармасының атауы

199__ ж. _____ үшін _____ банктің филиалдары

арқылы мемлекеттік мекемелер өкілдерінен және жеке тұлғалардан
қолма-қол ақшамен қабылданған бюджетке және мемлекеттік мекемелердің
бюджеттік шоттарына есепке алынған қаражат туралы
Мәліметтер

рет N	Төлемнің түрі	Есептелгені
1	2	3
1	Мемлекеттік мекемелердің бюджеттік шоттарына Барлығы: оның ішінде аудандар бойынша:	
2	Бюджеттің кірісіне (080 шотқа)	
	Ж и ы н ы :	

_____ ресімделген актілердің күні мен сомасы
(айыппұл санкциялары бойынша)
_____ банктің облыстық филиалының директоры

Бас бухгалтер
М.О.

Қазынашылық комитетінің
1999 ж. "___" _____
N___ бұйрығымен бекітілген
"Мемлекеттік мекемелер өкілдерінен,
жеке тұлғалардан бюджетке және
мемлекеттік мекемелердің шоттарына
есептеу үшін қолма-қол
ақшаны қабылдау Ережелеріне"

199__ ж.____ үшін _____ банктің филиалдары
арқылы мемлекеттік мекемелер өкілдерінен және жеке тұлғалардан
қолма-қол ақшамен қабылданған бюджетке және мемлекеттік мекемелердің
бюджеттік шоттарына есепке алынған қаражат туралы
жиынтық анықтама

рет N	Облыстың атауы	Ай ішінде есепке алынған қаражаттың барлығы	Оның ішінде қаражаттың алынғаны бюджеттің кірісіне (080 шотқа)	мем. мекеменің бюджеттік шотына
1	2	3	4	5
Ж и ы н ы :				

Республикалық бюджет есебінен
қаржылық қызметтердің сомасы
_____ құрады
Республикалық бюджеттің кірісіне есептеуге
жататын айыппұл санкцияларының
сомасы _____
Ақшамен қамтамасыз етуді ұйымдастыру
бөлімінің бастығы _____

Қазынашылық комитетінің
1999 ж. "___" _____
N___ бұйрығымен бекітілген
"Мемлекеттік мекемелер өкілдерінен,
жеке тұлғалардан бюджетке және
мемлекеттік мекемелердің шоттарына
есептеу үшін қолма-қол
ақшаны қабылдау Ережелеріне"

199__ ж.____ үшін _____ банктің филиалдары
арқылы мемлекеттік мекемелер өкілдерінен және жеке тұлғалардан
қолма-қол ақшамен қабылданған бюджетке және мемлекеттік мекемелердің
бюджеттік шоттарына есепке алынған қаражат туралы
жиынтық акт

рет	Облыстың атауы	Ай ішінде	Оның ішінде қаражаттың есепке	
N		есепке алынған	алынғаны	
		қаражаттың		
		барлығы		
			бюджеттің мем. мекеменің	
			кірісіне бюджеттік шотына	
			(080 шотқа)	

1	2	3	4	5
---	---	---	---	---

Ж и ы н ы :				
-------------	--	--	--	--

Республикалық бюджет есебінен
қаржылық қызметтердің сомасы
_____ құрады

Бюджеттің кірісіне есептеуге
жататын айыппұл санкцияларының
сомасы _____

Банк басқармасы Төрағасының
Бірінші орынбасары _____

Ақша айналысы және кассалық операциялар
департаментінің директоры _____

Төлеуге барлығы _____

Қ Р Қ а р ж ы м и н и с т р л і г і
Қ а з ы н а ш ы л ы қ к о м и т е т і н і ң
төрағасы

Ақшамен қамтамасыз етуді ұйымдастыру
бөлімінің бастығы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК